

## Озонды бұзатын заттарды түгендеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 248 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 шілдеде № 23554 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 310-бабы 8-тarmaғының екінші бөлігіне сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Озонды бұзатын заттарды түгендеу қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Климаттық саясат және жасыл технологиялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
  - 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрі

M. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи

## **Озонды бұзатын заттарды түгендеу қағидалары 1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Озонды бұзатын заттарды түгендеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 310-бабы 8-тармағының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және озонды бұзатын заттарды түгендеуді жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

1) озонды бұзатын заттардың қоспалары – құрамына екі немесе одан көп озонды бұзатын заттары немесе озон қабатын бұзбайтын басқа химиялық заттармен қоспадағы бір немесе бірнеше озонды бұзатын заттары кіретін химиялық заттар (өнімдер);

2) озонды бұзатын заттардың түгендеу – жабдықтардың және технологиялық құрылғылардың құрамында бар озонды бұзатын заттардың көлемдерін анықтау;

3) рекуперацияланған озонды бұзатын заттар – жабдықтардан және техникалық құрылғылардан оларға техникалық қызмет көрсету барысында немесе оларды пайдаланудан шығарар алдында алынған, пайдаланылуда болған озонды бұзатын заттар;

4) техникалық құрылғылар – машиналар, жабдықтар және өзге де конструкциялар;

5) хладагент – төмен температурада және томен қысымда жылуды тұтынатын және фазалық жай-күйі өзгерген кезде неғұрлым жоғары температурада және неғұрлым жоғары қысымда оны беретін жылуды тасуға арналған ағынды орта.

Өзге де терминдер мен анықтамалар осы Қағидаларда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

3. Озонды бұзатын заттарды түгендеуді орналасқан жеріне қарамастан құрамында озонды бұзатын заттары бар жабдықтары теңгерімінде бар заңды тұлғалар және дара кәсіпкерлер жүргізеді.

4. "Қазақстан Республикасының Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасы тарапы болып табылатын Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасымен және оған түзетулермен реттелетін және пайдалануда тұрған, сондай-ақ резервтік, консервациялауда тұрған, демонтаждалған, пайдаланудан шығарылған тоңазытқыш жабдықтардағы және ауаны баптауға арналған жабдықтардағы (оларда озонды бұзатын заттардың қалдық мөлшерлері болған жағдайда) озонды бұзатын заттардың барлық түрлеріне жатады.

Жаңа, рекуперацияланған, қалпына келтірілген озонды бұзатын заттарды сақтау және тасымалдау үшін қолданылатын ыдыс (сыйымдылықтар, контейнерлер,

баллондар және басқалары) жабдықтар мен техникалық құрылғыларға жатқызылмайды және озонды бұзатын заттарды түгендеуді жүргізу шенберінде қарастыруға жатпайды.

5. Озонды бұзатын заттарды (есептіден кейінгі жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша) түгендеу есептіден кейінгі жылғы бірінші тоқсаннан кешіктірмей жүргізіледі.

6. Озонды бұзатын заттарды түгендеу бойынша есеп "Озонды бұзатын заттардың мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 22 маусымдағы № 207 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23234 тіркелген) сәйкес нысан бойынша және мерзімдерде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жолданады.

2-тaraу. Озонды бұзатын заттарды түгендеуді жүргізу тәртібі

7. Озонды бұзатын заттарды түгендеу үш кезеңде өткізіледі:

1) құрамында озонды бұзатын заттары бар жабдықтарды және техникалық құрылғыларды сәйкестендіру;

2) бірінші кезеңде анықталған жабдықтардың және техникалық құрылғылардың құрамында бар озонды бұзатын заттарды сәйкестендіру;

3) озонды бұзатын заттарды түгендеу бойынша есепті дайындау.

8. Құрамында озонды бұзатын заттары бар жабдықтарды және техникалық құрылғыларды сәйкестендіру қолда бар бухгалтерлік құжаттама (бастапқы есепке алу құжаттары) негізінде жүргізіледі, оның шенберінде құрамында хладагенттері бар жабдықтар және техникалық құрылғылар анықталады.

9. Озонды бұзатын заттарды сәйкестендіру бірінші кезеңде анықталған жабдықтарда және техникалық құрылғыларда пайдаланылатын хладагенттердің түрлерін айқындау, оларды озонды бұзатын заттарға жатқызу немесе жатқызбау және олардың мөлшерін айқындау болып табылады.

10. Озонды бұзатын заттарды сәйкестендіру тікелей де, жанама да көрсеткіштер негізінде жүргізіледі.

Тікелей көрсеткіштерге озонды бұзатын заттардың бар болуы, олардың атауы мен мөлшерлері оларда тікелей көрсетілетін жабдықтардың және техникалық құрылғылардың паспорттық деректері, зауыттық таңбалануы, жобалық, конструкторлық және өзге де техникалық құжаттамасы жатқызылады.

Жабдықтардың және техникалық құрылғылардың паспорттық деректері, зауыттық таңбалануы, жобалық, конструкторлық техникалық құжаттамасы болмаған кезде жабдықтар және техникалық құрылғылар құрамында озонды бұзатын заттары әлеуетті бар ретінде қарастырылады және оzonды бұзатын заттарды сәйкестендіру жанама көрсеткіштер негізінде жүргізіледі.

Жанама көрсеткіштерге жабдықтардың диагностикалық белгілері (конструкторлық ерекшеліктерінің үқсастығы, жасалған жылы, өндіруші зауыты) жатқызылады.

11. Жабдықтардың және техникалық құрылғылардың бүтіндігін бұзуға және олардан озонды бұзатын заттардың сыйнамаларын алуға жол берілмейді.

12. Зерттелетін жабдықтарда және техникалық құрылғыларда озонды бұзатын заттардың қоспасы болған жағдайда есепке алу олардың пайыздық (үлестік) құрамына сәйкес дара озонды бұзатын заттар бойынша жеке жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК